

## Қазақстан Республикасында республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау жүйесін дамытудың тұжырымдамасы туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 14 қыркүйек N 1208. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қыркүйектегі N 1411 Қаулысымен

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.**

Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау жүйесін одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау жүйесін дамытудың тұжырымдамасы мақұлданын. 2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті (келісім бойынша) тиісті шешімдерді әзірлеу және нормативтік құқықтық кесімдерді дайындау кезінде осы Тұжырымдаманың негізгі ережелерін басшылыққа алсын. 3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қазақстан Республикасында республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау жүйесін дамытудың тұжырымдамасы 1. Кіріспе

Қазақстан Республикасында республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау жүйесін дамытудың 2001-2005 жылдарға және келешекке арналған осы тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету мақсатында және Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың сыртқы аудиттің күшті қызметін құру Есеп комитетінің өкілеттіліктерін кеңейту, оны сапалық және сандық жағынан нығайту қажеттігі туралы тапсырмасына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 2001 жылғы 5 қаңтардағы N 534 U010534\_ Жарлығының және Қазақстан Республикасы Президентінің "Экономика саласындағы құқық бұзушылықтарға қарсы күрестің 2001-2003 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы" 2001 жылғы 2 ақпандағы N 201 N010201\_ өкімінің негізінде әзірленді.

Ұсынылып отырған Тұжырымдама республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау жүйесін дамытудың негізгі бағыттарын айқындайды.

Қаржы саласындағы мемлекеттік бақылау жүйесін жетілдіру халықаралық талаптарға сәйкес, нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу мен бекітуді, олар белгілеген объектілер мен құқықтық нормалардың қолданылу аясын бөлуді ескере отырып республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау ұғымын айқындаудың объективтік қажеттігінен туындап отыр.

Сол сияқты қолданылып жүрген заңнамаларда қаржы саласындағы мемлекеттік бақылау органдарының арасында міндеттер мен өкілеттіктерді айқын шектеудің жоқтығы, осы органдардың бір-бірімен де және мемлекеттік қаржы бақылау жүйесінен тыс қызмет ететін аудит институтымен де өзара іс-қимыл мәселелерінде тиісті айқындылықтың болмау жағдайлары мәселенің өзектілігін растай түседі.

Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау жүйесін одан әрі дамыту мемлекет пен еліміздің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің қаржы-экономикалық қарым-қатынастары жүйесіндегі маңызды мәселелердің шешілуіне елеулі ықпал ете алады, сондай-ақ экономика саласындағы әртүрлі құқық бұзушылықпен нысаналы күрес жүргізуге мүмкіндік береді.

## 2. Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау жүйесінің қазіргі жай-күйі мен дамуының проблемалары

Қазақстан Республикасында республикалық бюджеттің атқарылуын бақылауды Есеп комитеті жүзеге асырады, ол 1996 жылы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін тұрақты қызмет ететін мемлекеттік орган ретінде құрылған.

Қазақстан Республикасының К951000\_ Конституциясына, "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Конституциялық Z952733\_ Заңына және бекітілген ережеге сәйкес Есеп комитеті белгіленген тәртіппен алынатын ақпаратты талдау және жүргізілетін бақылау іс-шараларының негізінде Қазақстан Республикасының Президентіне комитет жұмысы туралы тоқсан сайынғы баяндамаларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Парламентіне өзінің мазмұны мен сипаты бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебі жөніндегі қорытынды болып табылатын комитеттің жылдық есебін беріп отырады. Есеп комитетінің жылдық есебі Қазақстан Республикасының Парламенті палаталарының бірлескен отырысында бекітіледі.

Жергілікті бюджеттер мен олардың атқарылуы туралы есептердің бекітілуі, оның ішінде республикалық маңызы бар қаладағы (астанадағы) ауданды, кентті, ауылды (селоны), ауылдық (селолық) округті ұстауға арналған шығыстар сметасын бекіту "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Z010148\_ Заңға сәйкес тиісті жергілікті өкілетті органның (мәслихаттың) құзыреті болып табылады. Жергілікті бюджеттің атқарылуын бақылау үшін мәслихат өзінің өкілеттік мерзіміне тексеру комиссиясын сайлайды және оның мүшелерінің санын белгілейді. Тексеру комиссиясының өкілеттіктері мен жұмыс істеу тәртібі мәслихаттың регламентімен айқындалады.

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің шығыстары сметаларының дұрыс жасалуы мен бекітілуін, сондай-ақ бюджеттік қаражаттың қазынашылық шешімдерге сәйкес пайдаланылуын бақылауды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады. Ал жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің шығыстары сметаларының дұрыс жасалуы мен бекітілуін, сондай-ақ бюджеттік қаражаттың пайдаланылуын қазынашылық рұқсат беруге сәйкес жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.

Республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаттарының пайдаланылуына тексерулер жүргізудің тәртібін және кезеңділігін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілейтіндігіне қарамастан, оған оларды үйлестіру, әдістемелерін әзірлеу мен енгізу өкілеттіліктері берілмеген, ал Есеп комитетінің осы "тәртібі және мерзімділігі" айқындамасына қатысуы заңдарда тіпті к ө з д е л м е г е н д е .

Есеп комитеті республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінің қызметіне оларға бюджеттен бөлінген қаражатты мақсатты және тиімді пайдалану бөлігінде талдау жасайды және бақылайды, көрсетілген бағдарламалар мен оларды құрастырушы ішкі бағдарламалардың экономикалық тиімділігі мен орындылығына баға береді.

Жүргізілген тексерулердің қорытындылары бойынша Есеп комитеті Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынымдар, оның ішінде нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жөніндегі тиісті ұсынымдарды жолдайды.

Есеп комитеті мен мәслихаттардың тексеру комиссиялары салық және өзге де мемлекеттік органдарының қызметіне олардың Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген түсімдердің республикалық және жергілікті бюджеттерге толығымен және уақытылы түсуін қамтамасыз ету бөлігінде бақылау жасайды. U 9 6 2 9 5 6 \_

Есеп комитетінің, мәслихаттардың тексеру комиссияларының тексерулері мен талдауының мәні қаржылық есеп берудің ғана емес, сол сияқты, есеп берудің

басқа да тиісті түрлерінің мәліметтері болып табылады, онсыз республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатының тиімділігіне және мақсатты пайдаланылуына баға беру мүмкін емес.

Есеп комитеті мен мәслихаттардың тексеру комиссияларының мүшелері тексерулерді тексерілетін мемлекеттік органдар мен барлық меншік түріндегі ұйымдардың қаражаты есебінен емес, комитет пен комиссияларды ұстауға бөлінетін бюджет қаражатының есебінен жүргізеді.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау және Есеп комитетінің тексерулері анағұрлым кешенді, жүйелі сипатқа ие. Іс жүзінде Есеп комитеті мен мәслихаттардың тексеру комиссиялары өздерінің негізгі мақсаттары мен міндеттеріне бақылау іс-шараларын, зерттеулер мен талдау жүргізу барысында, оның ішінде ұлттық компаниялар мен мемлекеттік капитал үлесіне ие басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілер жөніндегі аудиторлар мен аудиторлық ұйымдар жасаған аудиторлық тұжырымдарды талдау барысында қол жеткізеді.

Есеп комитеті мен мәслихаттардың тексеру комиссияларының бұл функциялары мен міндеттерін іске асыру республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын сыртқы бақылау болып табылады.

Қазақстан Республикасында республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын ішкі бақылау жүйесінің аралас үлгісі қалыптасты. Орталықтандырылған ішкі бақылауды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүзеге асырса, орталықтың қарамағынан шығарылған ішкі бақылауды кейбір министрліктердің бақылау-тексеру қызметтері жүргізеді.

Бұл үлгінің негізгі кемшілігі тәсілдер мен әдістемелердің үйлестірілмеуіне байланысты бақылау объектілеріндегі жағдайдың терең зерттелмеуі болып табылады, бұл, бақылау процесінде бір-бірін қайталау мен кемшіліктердің пайда болу мүмкіндігін туғызады. Осы үлгі қаржылық есептіліктің кейбір элементтерімен сәйкестік бақылауын ғана жүзеге асыруға мүмкіндік береді, ал тиімділік бақылауы одан тысқары қалып отыр.

Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау мынандай нысанда іске асырылады:

алдын ала бақылау мемлекеттік органдардың, бюджет ақшасы есебінен ұсталатын, демеуқаржылар мен несиелер алуға үміткер, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігін алудың есебінен ұсталатын мекемелер мен ұйымдардың республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатын пайдалануы жобаларын жасау және қарау сатысында жүзеге асырылады;

ағымдағы бақылау мемлекеттік органдардың, мекемелер мен ұйымдардың республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатын пайдалану жөніндегі қаржы операцияларын жүзеге асыру сатысында жүргізіледі;

республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатын уақтылы, мақсатты

және тиімді пайдалануына, сондай-ақ оларды пайдалану туралы есептердің дұрыстығына кезекті бақылау мемлекеттік органдардың, мекемелер мен ұйымдардың республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатымен қаржы операцияларын жасау қорытындылары бойынша жүзеге асырылады.

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Z990357\_ Заңында " бюджет процедурасы" ұғымы мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың бюджетті әзірлеу, қарау, бекіту, атқару, оның атқарылуын бақылау және бюджеттің атқарылуы туралы есепті бекіту жөніндегі заңнамамен регламенттелуі ретінде айқындалған. Атқарылу мәселелері, мысалға республикалық бюджеттің атқарылуы аталмыш заңның тек бір ғана бабында көрсетілген, ал оның атқарылуын бақылау мәселелері - баржоғы бір сөйлеммен ғана келтірілген - " республикалық бюджеттің атқарылуын бақылауды Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті жүзеге асырады". Тиісті заңнамалық нормалардың осындай жетіспеушілігі жергілікті бюджеттердің атқарылуы мен бақылауы мәселелерінде де орын алған.

Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін тиісті регламенттеу үшін " бюджеттің атқарылуы" ұғымын, дәлірек айтқанда республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы процесі қай жерден басталып, қай жерде аяқталатыны туралы мәселені анықтап алу қажет. Қалыптасқан практика мен қолданылып жүрген заңнамалар қойылған сұраққа жауап бере алмайды.

Сонымен бірге, қолданылып жүрген нормативтік құқықтық кесімдерде республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуына бақылау саласындағы Есеп комитетінің, мәслихаттардың тексеру комиссияларының және Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органдардың міндеттері мен функцияларының нақты шектелуі жоқ.

Бұдан басқа, салық-бюджеттік қызмет практикасында да, ғылыми-теориялық зерттеулерде де республикалық және жергілікті бюджеттерді талдау мәселелері тыңғылықты, кешенді шешімін таппаған. Сондықтан да республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын сараптау, бағалау, талдау әдістемелері мен стандарттарын әзірлеу және бекіту мәселесі кідіртпей шешуді талап етеді.

Қазіргі кездегі ұлттық корпорациялар мен мемлекеттік капитал үлесіне ие басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілерінде мемлекеттік қаржының пайдаланылуын жүйелі бақылаудың жоқтығы да республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау жүйесін жетілдірудің қажеттілігін негіздеудің факторы болып табылады.

Бақылау органдарының міндеттерінің өзіндік ерекшелігі бақылау іс-шараларын жүзеге асырудың нысандары мен түрлерінің ерекшеліктерінде көрініс табады. Бақылау органының орны мен рөлін айқындауда оның қаржылық

бақылау нәтижелерін көрсететін кесімінің мәртебесі елеулі маңызға ие. Кесім мәртебесінің ерекшеліктерінің дәл баяндалуы ғана емес, олардың тиісті нормативтік құқықтық кесімдерінде нақты көрсетілгені де маңызды.

Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылаудың орын алып отырған ұйымдық және әдістемелік проблемаларын мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың, сол сияқты жеке меншік нысанындағы ұйымдардың әлі күнге дейін есепке алу мен есеп берудің халықаралық стандарттарына толық көшпегендігі де күрделендіре түседі. Бұл жағдайлар халықаралық қаржы практикасындағы жинақталған жалпыға ортақ қабылданған әдістемелік базаны п а й д а л а н у д ы т е ж е й д і .

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен қолданылып жүрген заңнамаларында Есеп комитетінің, мәслихаттың тексеру комиссиясының төрағасы мен мүшелерін қызметке тағайындау институты ғана бар, Есеп комитетінің төрағасын қоспағанда, оларды қызметінен босатуды регламенттейтін тиісті нормалар жоқ. Ал шет елдерде бақылау органдарының жетекшілері мен мүшелерін қызметтен тайдырудың себептерін міндетті түрде түсіндіру, олардың мәртебесі мен осы мәртебенің құқықтық кепілдіктері бақылау органдары туралы з а ң н а м а л а р д а к ө з д е л г е н .

Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау саласындағы кадрлардың біліктілігін халықаралық талаптарды ескере отырып арттыру жөніндегі жұмысты жүргізу аса өзекті мәселе болып табылады.

### 3. Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау жүйесін дамытудың негізгі міндеттері

Тұжырымдама мынандай негізгі міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған.

1. Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуының бақылау жүйесін одан әрі дамыту олардың нормативтік базасын, ең алдымен халықаралық нормаларға бейімделген бақылаудың негізгі қағидаттары мен стандарттарын жасақтауды мемлекеттік қалыптастыруды белгілеу, сондай-ақ бақылаудың тұтас алғандағы тиісті мәселелер жөніндегі әдістемелік жұмыстарын ұйымдастыру.

2. Экономика саласындағы құқық бұзушылықпен күрес және мемлекет меншігіндегі мүлікті тиімді пайдалану үшін республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуының бақылау жүйесін жетілдіру жолымен алдын алу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а у .

3. Бюджеттік бағдарламалау әдістерінің дамуы мен енгізілуін ескере отырып республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылаудың бірыңғай әдістемелік базасын жасау және ақпараттық жүйелерін жетілдіру.

4. Есеп комитетінің, мәслихаттардың тексеру комиссияларының және

мемлекеттік басқару органдарының республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау саласындағы ақпараттық жүйелерін біріктіру

5. Мемлекеттік органдардың республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау жүйесін жүзеге асырудағы өкілеттіктерін бір-бірінің қайталауын болдырмау және нақты жіктеу.

6. Барлық мемлекеттік органдардың республикалық және жергілікті бюджеттерді атқару жөніндегі қызметтерінің "ашықтығын", кең жариялылығын және жұртшылық пен барлық салық төлеушілер үшін ашықтығын қамтамасыз ету.

7. Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуының бақылау жүйесін сапалық және сандық тұрғыдан ресурстық қамтамасыз етуді жақсарту.

4. Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау жүйесін жетілдіру және дамыту.

Күтілетін нәтижелер

Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуының бақылау жүйесін дамытудың мәселелерін шешудің кешенді тәсілі, оны халықаралық ережелерге сәйкес жетілдіру ұлттық экономиканың дамуының, әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік органдар қызметінің қалыптасып жатқан ерекшеліктерін ескере отырып және әлемдік практикаға қайшы келмейтін және оны байыта түсетін әдістерді, құрал-жабдықтарды және әдістемелік шешімдерді сақтай отырып жинақталған отандық тәжірибемен ұштасуы тиіс.

Әзірге Қазақстанда орныққан қаржылық және бюджеттік заңдар жоқ. Оның үстіне басқа бақылау-тексеру органдарының қолда бар әдістемелік жасалымдарын Есеп комитеті мен мәслихаттардың тексеру комиссиялары өздерінің міндеттері мен қызметтерінің ерекшеліктеріне байланысты толықтай қабылдай алмайды. Сондықтан да Есеп комитетінің, мәслихаттардың тексеру комиссияларының және Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органдардың талдау және бақылау шараларын жүргізудің баламалылық әдістемелері мен рәсімдерін әзірлеу мәселесі өте шұғыл және ол таяу арада, оның ішінде тиісті заң нормалары арқылы шешілуі тиіс.

Осыған сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатын пайдаланушылардың барлығының қаржылық тәртіпті сақтауы, мемлекеттік ресурстарды ысыраптайтын нормативтік құқықтық кесімдердің кемістіктерін іздеу талаптары Есеп комитеті мен мәслихаттардың тексеру комиссияларының жұмысындағы маңызды басым бағыттарға айналады. Заңдылық өлшемін іске асырудың ерекше мағынасы осы соңғысында жатыр. Мұны Есеп комитеті мен

мәслихаттардың тексеру комиссиялары өздерінің мәртебелеріне сәйкес анағұрлым тиімді жүзеге асыра алады. Өйткені Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген органдар бақылау іс-шараларын тек қана қолданылып жүрген нормативтік құқықтық кесімдердің шеңберінде жүзеге асыра алады. Оларды қызықтыратын жарғылық және жарғыға қарсы іс-әрекет қана, ал заңдардағы "саңлауларда" жүзеге асырылатын жарғылық еместері бақылаудан тыс қалып қояды, бұған жол бермеу керек.

Қазіргі уақытта Есеп комитеті республикалық бюджеттің атқарылуына, оның ішінде оның кірістері мен шығыстарының көлемі, құрылымы және тағайындалған мақсаттары бойынша уақтылы атқарылуына бақылау жасайды және республикалық бюджет қаражаты есебінен жабылатын шығыстарды жүзеге асыру ережелерін айқындайтын немесе республикалық бюджетті жасақтауға және атқаруға ықпал ететін нормативтік құқықтық кесімдерге талдау жүргізеді. Осыған байланысты бюджеттің атқарылуы нәтижелеріне оның баға беруінің өлшемі, біріншіден, бюджетке кіріс келтіру резервтерін толық пайдалану, екіншіден, бюджет қаражаты шығыстарының орындылығы мен үнемділігі болуы т и і с .

Осы тұжырымдама қызметтің жаңа түрін - Есеп комитетіне сараптама-талдау жұмысын енгізуді көздейді, ол есеп-талдау тексерулерінің бірнеше түрлерін, оның ішінде бюджеттің атқарылуы процесіндегі қабылданатын шешімдердің негізділігін талдауды, бюджет ресурстарын пайдаланудың тиімділігін және республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінің қаржылық қызметін т е к с е р у д і қ а м т у ы т и і с .

Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуының бақылау жүйесін дамыту республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатын уақтылы және мақсатты пайдаланылуын, сондай-ақ республикалық және коммуналдық меншіктегі мүліктің тиімді пайдаланылуын алдын ала, ағымдағы және одан кейінгі бақылауды одан әрі нығайтуды және жетілдіруді талап етеді.

Алдағы бірнеше және ішінде министрліктер, агенттіктер мен комитеттердің көпшілігінде ішкі бақылаудың күшті қызметтерін құру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қажет. Сонымен қатар, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын ішкі бақылаудың жүзеге асыруымен бірге әдістеме базасын әзірлеу, енгізу және оқыту бөлігінде орталық функциональдық рөлін орындайтын Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органдарды заң жүзінде бекіту қажет.

Сол кезде елде бақылаудың әдістеме базасын, оны оқытудың орталықтануын сақтай отырып, ішкі бақылаудың аралас жүйесінен орталықтың қарамағынан шығарылған жүйесіне өту мүмкіндігі туады.

Бұл мемлекеттік органдар басшыларының жауапкершілігін едәуір арттыра



түседі, өйткені олар Қазақстан Республикасы Президентінің "Бухгалтерлік есеп туралы" заң күші бар Z952732\_ Жарлығына сәйкес, ішкі бақылаудың ұйымдастырылуын және оның органдарының қызмет атқаруын қамтамасыз етеді.

Бақылауды жүргізудің негізгі қағидаттарын қамтитын, бақылауға қойылатын талаптарды айқындайтын, мәні тұрғысынан нормативтік құжат болып табылатын республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылаудың стандарттарына ерекше назар аударылатын болады. Мемлекеттік бақылаудың сыртқы және ішкі болып бөлінуіне байланысты, бақылаудың стандарттары да әртүрлі болады. Сондықтан, оларды әзірлейтін және бекітетін уәкілетті органдарды айқындау қажет.

Республикалық бюджеттің атқарылуын сыртқы бақылау стандарттарын Есеп комитеті әзірлейді және бекітеді.

Жергілікті бюджеттердің атқарылуын сыртқы бақылау стандарттарын, республикалық және жергілікті бюджеттердің ішкі бақылау стандарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік орган әзірлейді, ал Есеп комитеті оларды бекітеді.

Жоғарыда айтылғандар бюджеттік бағдарламалау әдістерінің енгізілуін ескере отырып республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылаудың бірыңғай әдістемелік базасын жасаудың және ақпараттық жүйесін жетілдірудің, Есеп комитетінің, мәслихаттардың тексеру комиссияларының және мемлекеттік басқару органдарының республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау саласындағы ақпараттық жүйелерін біріктірудің қажеттігін растай түседі.

Есеп комитетінің қолданылып жүрген өкілеттіліктерін, міндеттері мен функцияларын, оның ішінде сараптама-талдау жұмыстарын жүргізу бөлігінде одан әрі ұлғайтуды, Есеп комитеті мен мәслихаттардың тексеру комиссияларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органдардың өздерінің өкілеттіктері, құқықтары мен міндеттері шегінде республикалық және жергілікті бюджеттердің тиісінше атқарылуын бақылаудың кешенді жүйесін қамтамасыз етуін көздей отырып "Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу дер кезіндегі шара болып табылады.

Мынандай ережелерді заңдастыру қажет.

1. Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылаудың объектісі мен субъектісін нақты айқындау.

2. Қазақстан Республикасындағы республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылайтын негізгі органдарға Есеп комитеті, мәслихаттардың тексеру комиссиялары, Қазақстан Республикасының Үкіметі

уәкілеттік берген мемлекеттік органдар, әкімияттар уәкілеттік берген мемлекеттік органдар, мемлекеттік органдардың ведомстволық бақылау қызметтері ж а т қ ы з ы л с ы н .

3. Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау олардың түрлері бойынша сыртқы және ішкі болып бөлінеді.

Сыртқы бақылау - республикалық бюджеттің Қазақстан Республикасының Үкіметі тарапынан атқарылуын және жергілікті бюджеттердің жергілікті органдар тарапынан атқарылуын оларға қатысты тәуелсіз мемлекеттік органдар т а р а п ы н а н б а қ ы л а у .

Ішкі бақылау - Қазақстан Республикасы Үкіметі және жергілікті атқарушы органдар жүзеге асыратын тиісінше республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті республикалық бюджеттің атқарылуына сыртқы бақылауды жүзеге асырады және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі ұсыныстар жасайды.

Мәслихаттардың тексеру комиссиялары жергілікті бюджеттердің атқарылуына сыртқы бақылауды жүзеге асырады және ішкі бақылауды жетілдіру жөніндегі ұсынысты әзірлейді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органдар республикалық бюджет қаражатын пайдалануға ішкі бақылауды жүзеге асырады және жергілікті бюджеттердің атқарылуының сәйкестігін сыртқы бақылауды жүзеге асырады .

Әкімияттар уәкілеттік берген мемлекеттік органдар жергілікті бюджеттердің атқарылуына ішкі бақылауды жүзеге асырады.

Мемлекеттік органдар мен мекемелердің бюджет қаражатын мақсатты және тиімді пайдалануды ведомстволық бақылауы ішкі (әкімшілік) бақылаудың бір бөлігі болып табылады .

4. Бақылаудың түрлерін айқындау, атап айтқанда:

сәйкестігін бақылау - бақылау объектілері қызметінің республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерінің талаптарымен сәйкес келтіру дәрежесін бағалау ;

қаржылық есебін бақылау - бақылау объектілері беретін қаржы есептерінің дәлдігін, негізділігін және уақыттылығын бағалау;

тиімділігін бақылау - республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатын пайдалану кезінде бақылау объектілерінің бюджеттік заңнамада белгіленген бюджет бағдарламаларының мақсаттарын орындау дәрежесін бағалау.

5. Жұмыстағы қайталануды және қосарлануды болдырмау үшін республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылайтын

органдардың арасында функциялар мен өкілеттіліктерді айқын шектеуді көздеу.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау кезінде:

Есеп комитеті бақылаудың барлық үш түрін жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік органдардан келетін бақылау кесімдерін сараптайды және Қазақстан Республикасының Үкіметіне осы органдар жүзеге асыратын республикалық бюджеттің атқарылуын бақылаудың тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар жасайды. Осы негізде Есеп комитеті қосымша бақылаулар жүргізеді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік орган да бақылаудың үш түрі бойынша да ішкі бақылауды жүзеге асырады, мемлекеттік мекемелердегі белгіленген ведомстволық бақылауға баға береді және тексеру материалдарын Есеп комитетіне береді.

Жергілікті бюджеттерді бақылау кезінде:

мәслихаттардың тексеру комиссиялары сыртқы бақылау жасайды және әкімияттар уәкілеттік берген мемлекеттік органдар жүзеге асыратын ішкі бақылаудың тиімділігіне баға береді;

Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік орган сәйкестілігіне сыртқы бақылауды жүзеге асырады;

әкімияттар уәкілеттік берген мемлекеттік органдар бақылаудың үш түрі бойынша ішкі бақылауды жүзеге асырады, мемлекеттік мекемелер жүзеге асыратын ішкі бақылауларға баға береді және тексеру материалдарын жергілікті өкілетті органдарға береді.

Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылау үшін мемлекеттік органдарда ішкі бақылау қызметтері құрылады.

Жергілікті бюджеттердің атқарылуын сыртқы бақылау органдарының қызметіне әдістемелік жетекшілікті Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті жүзеге асырады.

Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын ішкі бақылау органдарының қызметіне әдістемелік жетекшілікті Қазақстан Республикасы Үкіметінің уәкілеттік берген мемлекеттік органы жүзеге асырады.

Халықаралық және азиялық INTOSAI және ASOSAI жоғарғы аудиторлық институттар ұйымдарымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасында мақсаттары мен міндеттері жақын ПРООН, Дүниежүзілік Банктің және басқа да жобалар мен бағдарламаларды іске асырып жүрген халықаралық ұйымдармен байланыстарды ұлғайту және нығайту қажет. Бұл осы заманғы бақылау әдістеріне, қажетті ақпараттық ресурстарға жол ашуға, мемлекеттік қаржы бақылау органдары қызметкерлерін оқыту және біліктілігін көтеру және белгілі бір дәрежедегі олардың техникалық қайта жарақталуы мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылаудың

міндеттері мен нәтижелері туралы материалдар, әдістемелік, нормативтік құқықтық және басқа да құжаттар жарияланған бюллетеньдерді жүйелі түрде шығарып отыруды ұйымдастыру қажет.

Алға қойылған міндеттердің ауқымдылығын ескере отырып республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды сапалық және сандық тұрғыдан одан әрі нығайту мәселелерін жүргізілетін жұмыстардың көлемін, ауқымын және тереңдігін, тексерілетін объектілердің саны мен мерзімділігін мұқият талдай отырып ш е ш к е н ж ө н .

Тұжырымдаманы іске асырудан күтілетін негізгі нәтижелер ретінде мыналарды бөліп қарауға болады:

1. Қазақстан Республикасының республикалық және жергілікті бюджеттерінің атқарылуын бақылаудың нормативтік құқықтық базасын жетілдіру (2001 жылы Қазақстан Республикасының тиісті Заңын және қажет болған жағдайда басқа да нормативтік құқықтық кесімдерді қабылдау).

2. 2003 жылға дейін халықаралық тәжірибелерді ескере отырып, көрсетілген бақылау жүйесін қажетті әдістемелік жағынан қамтамасыз ету.

3. 2004 жылға дейін республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуын бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың тиісті ақпараттық жүйелерін құру. 4. 2007 жылға дейін Ұлттық Банктің, қазынашылықтың, салық және кеден қызметтерінің, зейнетақылық және әлеуметтік қамтамасыз етуінің және басқа да ведомстволардың қолда бар және енгізіліп жатқан ақпараттық жүйелері негізінде республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы үшін жауап беретін мемлекеттік органдардың біріккен ақпараттық-телекоммуникациялық жүйесін құру және пайдалануға енгізу.

Мамандар: Багарова Ж.А., Қасымбеков Б.А.